

2025 ЖЫЛ – «KAZLOGISTICS» ҚАЗАҚСТАН КӨЛІКШІЛЕР ОДАҒЫ ҮШІН ОТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ МҮДДЕЛЕРІН БЕЛСЕНДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБ РЕТІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘРТЕБЕСІН НЫҒАЙТУ КЕЗЕҒІ БОЛДЫ. КӨЛІК СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ 20,4% АРТЫП, РЕКОРДТЫҚ ӨСІМДІ КӨРСЕТТІ. ЖҮК ТАСЫМАЛЫ КӨЛЕМІ 7%-ҒА ӨСТІ. БҰЛ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУЫТҮДЫ БАСТЫ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ КӨЛІКТІҢ МӘРТЕБЕСІН РАСТАЙДЫ. КӨЛІКТІҢ БАРЛЫҚ САЛАЛАРЫНДА ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕРДІ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағының
бас директоры



№15 (3162)
27/02/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

КОНСТИТУЦИОННЫЕ ГАРАНТИИ – В ФОКУСЕ ВСТРЕЧИ С ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКАМИ

В центральном аппарате АО «НК «Қазақстан темір жолы» состоялась встреча руководства компании и трудового коллектива с членами столичного штаба Общественной коалиции «За Народную Конституцию Справедливого и Прогрессивного Казахстана!», депутатами Парламента и общественными деятелями.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Благодаря средствам видео-конференц-связи в мероприятии в режиме онлайн также приняли участие представители всех регионов, филиалов и структурных подразделений ҚТЖ. В мероприятии приняли участие руководитель штаба коалиции по городу Астане Ерлан Каналимов, исполнительный секретарь Астанинского городского филиала партии АМАНАТ и заместитель руководителя штаба коалиции Мухаммед Большбек, депутат Сената Парламента РК Андрей Луккин, депутат Мажлиса Парламента РК Снежанна Имашева, главный консультант Аппарата Сената Парламента РК Диас Кожаяев, общественный активист Еркебұлан Құлбалас и руководитель штаба коалиции по району Есиль Санира Жусупова.

Основной целью встречи стало разъяснение ключевых положений обновленной Конституции и обсуждение значимости предстоящего республиканского референдума. Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов подчеркнул, что предстоящий 15 марта 2026 года



республиканский референдум станет историческим выбором вектора развития страны, который обеспечит стабильность и усиление социальных гарантий для каждого работника стальной магистрали.

Участники встречи подробно остановились на сути предлагаемых поправок, направленных на построение справедливого и прогрессивного общества, а также на укрепление демократических институтов в стране.

– Сегодня во встрече принимают участие более тысячи железнодорожников. Мы подробно прошли по всем разделам новой Конституции, разъяснили нормы, которые в первую очередь гарантируют гражданам право на жизнь и здоровье, право на

труд и социальную защиту. Особое внимание уделено статьям 27 и 31, касающимся гарантий работникам, обязанностей работодателя, вопросам безопасных условий труда и пенсионного обеспечения. Убеден, что железнодорожники активно примут участие в референдуме 15 марта и поддержат обновленный Основной закон, – отметил депутат Сената Парламента РК Андрей Луккин.

Спикеры отметили, что конституционная реформа является важным шагом в политической модернизации Казахстана и требует осознанного участия каждого гражданина.

– Для коллектива национальной компании важно четко понимать содержание предлагаемых изменений

и их практическое значение. Новая редакция Конституции усиливает социальные гарантии, укрепляет правовые механизмы защиты работников и создает дополнительные условия для стабильного развития отрасли. Участие каждого сотрудника в референдуме – это вклад в будущее компании и всей страны, – сказал заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакиенов.

В ходе беседы железнодорожники получили исчерпывающую информацию о том, как изменения в Основном законе отразятся на социальной защите граждан и правовой системе государства.

Фото Александра ЖАБЧУКА

МУЛЬТИМОДАЛЬДЫ ТАСЫМАЛ ДАМУДА

Қазір әлемде мультимодальды тасымал жүйесі дамып келеді. Осыған орай елімізде көлік парктерін жаңарту маңыздылығы арта түсті.

Яғни жолдың бір бөлігін пойызбен, қалған бөлігін автокөлікпен немесе пароммен басып өтеді. Сондықтан тек теміржол емес, көліктің барлық түрін дамыту керек деп санайды сала мамандары.

Сонымен қатар ашықтықты қамтамасыз ету үшін цифрландыру бағытындағы жобалар да қолға алынған, жоспарлау мен жүк тасымалын автоматтандыру үшін заманауи IT шешімдер қолданылуда.

– Болашақта бұл барлық ақпараттық жүйелерді біріктіріп, ортақ экожүйе қалыптастырады. Жыл соңына дейін теміржол желісі операторының жүк вагондарын беру процесін толық автоматтандыру жоспарланған, – дейді «Қазтеміртранс» АҚ Ақпараттық жүйелер және технологиялар департаментінің директоры Серік Мұратбекұлы.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

РАБОТА НА ОПЕРЕЖЕНИЕ

Более 1 800 изломов рельсов предотвращено на сети АО «НК «ҚТЖ» в 2025 году благодаря мобильным диагностическим комплексам (МДК).

С момента внедрения мобильных диагностических комплексов уровень безопасности железнодорожной инфраструктуры Казахстана существенно повысился. Применение МДК позволило значительно улучшить точность и оперативность обследования магистральной сети, обеспечив возможность своевременно выявлять отклонения и быстро принимать меры по их устранению.

На сегодняшний день комплексная диагностика железнодорожного полотна производится с помощью семи МДК, объединивших в себе усовершенствованные функции вагона-путеизмерителя и вагона-дефектоскопа.

За 12 месяцев 2025 года МДК продиагностировано 347 064 километра пути, при этом предотвращено 1 887 изломов рельсов.

– Систематический контроль с использованием МДК дает возможность отслеживать изменения состояния пути под воздействием различных факторов, заблаговременно обнаруживать и прогнозировать потенциальные дефекты, а также объективно оценивать результативность проведенных ремонтных мероприятий, – отметил заместитель директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр диагностики пути» Руслан Альжанов.

Любовь РОББА

БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕ

Теміржол инфрақұрылымын жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын іске асыру шеңберінде қазіргі заманғы автоматтандыру жүйелерін енгізудің кезекті кезеңі сәтті аяқталды.

Мәселен, «Қызылжар-Сексеуіл» учаскесінің 62 км жолды қамтыған №17 және №19 разъездер аралығында жаңа цифрлық жабдық пайдалануға берілді.

Осы арада интервалды реттеудің цифрлық жүйесіне көшу қашықтықты қауіпсіз басқарудың пайдасына ескірген «бір аралық – бір құрам» стандарттарынан алшақтай отырып, қозғалыс принциптерін түбегейлі қайта қарауға мүмкіндік берді, бұл учаскенің өткізу қабілетін тәулігіне 8-ден 20 жұп жүк пойызына дейін өсітуге әкелді.

Мамандардың айтуынша, Іске қосу жұмыстарының барлық кешені рекордтық мерзімде – небәрі 29 сағатта орындалған, бұл бастапқыда жоспарланған 72 сағаттық кестеден 2,5 есе жылдам.

Бүгінгі таңда бағдарлама шеңберінде бірден осындай 7 жоба іске асырылуда, олардың мақсаты автоблочно-автоматтандырылған жүйелерін енгізу және жалпы ұзындығы 3 000 км темір жолды кешенді жаңарту болып табылады.

Бұл жобаны іске асыру жүктерді жедел өткізуге және ұлттық экспорты кеңейту үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, елдің экономикалық негізін айтарлықтай нығайтады.

Магистральдардың өткізу қабілетінің өсуі Қазақстан көлік дәліздерінің халықаралық транзит үшін тартымдылығын арттырып, жаһандық логистикалық тізбектерге интеграцияны күшейте түседі.

Ислам ТАЛҒАТ

Келелі кеңес

МАҢЫЗДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР СӨЗ БОЛДЫ

Көлік министрлігінде өткен кеңейтілген алқа отырысында теміржол саласындағы жоспарлар: инфрақұрылымды жаңарту мен жаңғыртуға қатысты жобалар сөз болды.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Мысалы, Қызылжар – Мойынты жаңа теміржол желісінің құрылысы, Алтынкөл – Жетіген және Бейнеу – Маңғыстау теміржол учаскелерін жаңғырту, сондай-ақ пойыздар қозғалысын басқарудың заманауи жүйелерін енгізу жалғасуда. Жобаларды 2026 жылы аяқтау жоспарланған. Жалпы, биылғы жылы Қазақстанның көлік-транзит әлеуетін еселеп арттыратын тағы бірнеше жоба пайдалануға беріледі деп күтілуде. Атап айтсақ, Мойынты-Қызылжар, Дарбаза-Мақтаарал, Алтынкөл-Жетіген және Бейнеу-Маңғыстау бағытта-

рындағы құрылыс пен жаңғырту жұмыстарын биыл аяқтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар 2029 жылға дейін 11 мың шақырым теміржол желісін жөндеу көзделген. 2023-2025 жылдары 4,3 мың шақырымнан астам жол жаңартылса, 2026 жылы тағы 1 557 шақырымды қамту жоспарланған.

– Көлік министрлігі Мемлекет басшының транзиттік тасымал көлемін 55 млн тоннаға дейін ұлғайту жөніндегі тапсырмасын іске асыруды жалғастыруда. 2026 жылы теміржол көлігімен тасымалдардың жалпы көлемін 343,6 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр, 2025 жылғы көрсеткіш 320

млн тоннаны құраған болатын. Бұл саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, елдің транзиттік әлеуетін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов алқа отырысында.

Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға да ерекше назар аударылып отыр. 2026 жылы су көлігімен тасымал көлемін 11,4 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда (2025 жылғы көрсеткіш 9,5 млн тонна), оның ішінде ТМТМ бойынша – 5,2 млн тоннаға дейін. Құрық және Ақтау порттарында түбін тереңдету және айлақ инфрақұрылымын жаңғырту жобалары жүзеге асырылып,

жаңа контейнерлік терминалдар салынууда. 2028 жылға дейін қазақстандық сауда флотының санын 32 кемеге дейін ұлғайту жоспарланған. 2026 жылы 236 локомотив пен 1 373 фитингтік платформа жеткізу көзделген. Теміржол көлігіндегі жолаушылар ағынын 21 млн адамға дейін арттыру жоспарлануда, 191 жолаушылар вагоны жеткізіледі деп күтілуде. Stadler Rail компаниясымен ынтымақтастық аясында 2030 жылға дейін жоғары жайлылықтағы 557 заманауи вагон сатып алу қарастырылған.

Вице-министр теміржол вокзалдарын ауқымды жаңғырту жалғасып жатқанын тілге тиек етті. Айтуынша, 46 нысан бойынша жұмыстар аяқталу сатысында, ал 19 вокзалда жаңғырту жұмыстары толық аяқталған. Осылайша инфрақұрылымды жүйелі жаңғырту саланың орнықты дамуын қамтамасыз етіп, Қазақстанның халықаралық көлік байланыстарын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік бермек.

ПРИГРАНИЧНЫЕ УЗЛЫ – ТОЧКА РОСТА

Казахстан и Узбекистан переходят к практическому этапу реализации договоренностей по увеличению объемов железнодорожных перевозок до 60 миллионов тонн в год. С этой целью объединенная делегация двух стран совершила рабочую поездку по ключевым приграничным объектам, определяющим динамику двустороннего грузооборота.

Как сообщили в Министерстве транспорта РК, в состав делегации вошли руководители железнодорожных администраций, представители пограничной службы, таможенных органов, а также специалисты фитосанитарного и ветеринарного контроля. Такой межведомственный формат позволил комплексно рассмотреть вопросы, влияющие на скорость и эффективность пропуска грузов через межгосударственные стыки. Центральным пунктом визита стали стратегические направления Сарыагаш и Сырдарья. Именно эти стыки сегодня формируют основу железнодорожного сообщения между двумя странами и обладают

наибольшим потенциалом для роста. В ходе осмотра участники детально проанализировали текущую загрузку инфраструктуры, состояние путевого хозяйства, возможности станционных парков и организацию контрольных процедур.

Особое внимание было уделено устранению узких мест, влияющих на пропускную способность. Речь идет как о технических параметрах – развитии станционных путей, модернизации устройств сигнализации и связи, так и о синхронизации работы смежных служб для сокращения времени оформления грузов.

По итогам обсуждения стороны подтвердили планы по поэтап-



ному увеличению пропускной способности межгосударственных стыков. На направлении Сарыагаш предусматривается рост с 36 до 40 пар поездов в сутки. По стыку Оазис запланировано увеличение до 10 пар поездов в сутки. Существенное значение придается и развитию стыка Сырдарья: после ввода в эксплуатацию участка Дарбаза – Мақтаарал его пропускная способность также будет доведена до 10 пар поездов в сутки. Комплекс реализуемых мер создаст необходимую инфраструктурную базу для роста объемов

перевозок и достижения целевого показателя в 60 миллионов тонн. Кроме того, модернизация приграничных узлов позволит повысить устойчивость графика движения, сократить время обработки составов и укрепить транзитный потенциал региона.

Развитие межгосударственных стыков рассматривается сторонами как стратегический элемент транспортной интеграции и долгосрочного экономического сотрудничества Казахстана и Узбекистана.

Руслан РАХМЕТОВ



Гайни ДҮЙСЕНОВА,
вице-президент по полевым
сервисам и управлению техническим
обслуживанием в странах СНГ и
Монголии Wabtec Corporation

ҚАЗАҚСТАН ЯВЛЯЕТСЯ ВТОРЫМ ПО ВЕЛИЧИНЕ ПРОИЗВОДСТВЕННЫМ ПАРТНЕРОМ АМЕРИКАНСКОГО ХОЛДИНГА WABTEC В РЕГИОНЕ. ЗА ГОДЫ СОТРУДНИЧЕСТВА В РК ВЫПУЩЕНО СВЫШЕ 700 ЛОКОМОТИВОВ, ПРОИЗВОДИТЕЛЬНАЯ МОЩНОСТЬ ПРЕДПРИЯТИЯ СОСТАВЛЯЕТ 100 ЕДИНИЦ Ж/Д ТЕХНИКИ В ГОД. В РАМКАХ ПАРТНЕРСТВА С ҚТЖ ПЛАНИРУЕТСЯ ДАЛЬНЕЙШЕЕ НАРАЩИВАНИЕ ВЫПУСКА ЛОКОМОТИВОВ И ДИЗЕЛЬНЫХ ДВИГАТЕЛЕЙ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «KTZ EXPRESS» АҚ-НЫҢ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ АРҚЫЛЫ ӨТКЕН ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАҒЫ ҮЛЕСІ

36%

ҚҰРАП ОТЫР.

ЕЛІМІЗДЕ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ТЕМІР ЖОЛДЫ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ЖЕРДЕН КЕСІП ӨТКЕН

6000

АСТАМ АДАМҒА АЙЫППҮЛ САЛЫНҒАН.

БЫЛТЫР СЕМЕЙ ФИЛИАЛЫ БОЙЫНША ЖҮК АЙНАЛЫМЫ БІРШАМА ӨСІП, ТИЕУ КӨЛЕМІ

16 070

МЫҢ ТОННАДАН АСҚАН.

РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



САЯСИ НАУҚАН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшелері мен филиалдарында қызметкерлерді ҚР жаңа Конституциясының жобасы туралы ақпараттандыру және алдағы республикалық референдумға дайындау бойынша ауқымды жұмыс жалғасуда. Сондай іс-шара «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де өтті.



Кездесуде теміржолшылар конституциялық реформаның негізгі ережелеріне, оның шеңберінде мемлекеттік басқаруды жаңғырту, билік институттарының рөлін күшейту және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру жоспарлануда екендігіне егжей-тегжейлі тоқталды. Сала қызметкерлері пікірталасқа белсенді қатысып, көлік-логистикалық саланың тиімді дамуы тұрақты құқықтық ортамен, мемлекеттік процестердің ашықтығымен және қызметкерлердің құқықтық қорғалуын сенімді қамтамасыз етумен тікелей байланысты екенін атап өтті.

Серіктестіктің бас директоры Асан Үмбетов әділеттік қағидаттарын нығайтуға, азаматтық қатысу институттарын дамытуға және мемлекеттік басқарудың неғұрлым теңдестірілген моделін қалыптастыруға бағытталған жаңартылған конституциялық нормалардың маңыздылығын атап өтті. Іс-шара барысында қызметкерлерге мемлекеттік жүйе, адам құқықтары, билікті ұйымдастыру, сот төрелігі, жергілікті басқару және өзге де негізгі салалар мәселелерін қамтитын 11 бөлімнен тұратын Конституция жобасының құрылымы ұсынылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛҒАНДАР

Ардақ ҮСЕЙНОВА,
Жамбыл



ҚАУІПСІЗДІК

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалының Жамбыл локомотив пайдалану депосының электровоз машинисі Игорь Зенков пен көмекші машинист Иса Мурадов өткелде жол-көлік апатының алдын алды.

Оқиға бірер күн бұрын Тараз-Шу учаскесі аралығында орын алды. Таңғы 06.26-да Тараз – Шу бағытында сағатына 55 шақырым жылдамдықпен келе жатқан локомотив Chevrolet cobalt көлігіне соқтықпас үшін шұғыл тежеуді қолданады. Пойыздың келе жатқанын көріп, дабыл белгісі қосылып тұрғанына қарамастан көлік жүргізуші қауіпсіздік ережесін өрескел бұзып, өткелден өтіп кетуге тырысқан. Тіркелген факт Көліктегі полиция департаментінің Тараз станциясындағы желілік бөліміне жолданды.



– Орын алған жағдайға байланысты пойыз 22 минутқа кешікті. Локомотив бригадасы қырағылығының арқасында апаттың алдын алуға мүмкіндік туды. Машинист пен көмекшісі жылдамдықты, арақашықты дұрыс есептеп, тежеуді дер кезінде қолданған. Ауыр салмақтағы пойыздың инерциямен қай тұста тоқтайтынын дұрыс болжамаса, соқтығысудың салдары қандай болары белгісіз, – дейді Жамбыл локомотив пайдалану депосы бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары Мәди Қонысбаев.

Машинист Игорь Зенков пен көмекшісі Иса Мурадов – екеуі де Тараз теміржол көлігі және коммуникация колледжінің 2009 жылғы түлектері. Игорь Зенков Жамбыл локомотив пайдалану депосында 2010 жылдан бері еңбек етеді. Машинист көмекшісі Иса Мағамедович 2017 жылы қазан айында электровоз машинисінің көмекшісі болып орналасып, содан бері тынымсыз тер төгіп келеді.

Суретті түсірген автор

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2026 жылғы 9 ақпандағы №31-НҚ бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 2025 жылғы 29 қарашадағы №105-НҚ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2026-2030 жылдарға арналған магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша тарифтер, тарифтік смета және баға шектеулерін бекіту туралы бұйрығына өзгерістер енгізілгенін хабарлайды (1-қосымшаның 20-жолында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша тарифтік тобы мен позицияларының кодтары 041142, 041195, 052005, 516450, 516499, 552090, 553040, 561013, 561051, 572080, 572094 кодтарымен толықтырылды).

Аталған өзгерістер 2026 жылғы 9 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Толық ақпарат www.railways.kz сайтында орналастырылған.

ЗАМАНАУИ АВТОБЛОКИРОВКАМЕН ЖАБДЫҚТАЛДЫ

Қызылорданың солтүстігіндегі Сексеуіл-Қоскөл телімінде сигнализация мен байланыс жүйесінің ЦАБ-АЛСО-QRA заманауи жаңа құрылғысы қолданысқа енгізілді. Бұл – аймақтағы қозғалыс қауіпсіздігінің сапалы жаңа деңгейі басталды деген сөз.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда-Сексеуіл

Қазалы сигнализация және байланыс дистанциясының жоғарыда аталған телімінде автоматты локомотивтік сигнализация құрылғысының дербес құралы ретінде ЦАБ-АЛСО-QRA жүйесін енгізу бойынша кешенді жұмыстар аяқталу сатысында. Аталған жүйені енгізу осы учаскедегі теміржол инфрақұрылымының жұмыс сенімділігін арттыруға, пойыз қозғалысын бақылауды күшейтуге, қозғалыс интервалдарын қысқартуға және жүк тасымалы көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

– Телім блок-учаскелерге бөлініп, автоматты локомотивтік сигнализация дербес сигнализация және байланыс құралы ретінде іске қосылды. Енді пойыз қозғалысы локомотивтік бағдаршамдардың көрсеткіштерімен реттеледі, – деп жағымды жаңалықпен бөліскен Қазалы сигнализация және байланыс дистанциясының бастығы Арнұр Дінахметов жаңа құрылғылардың мінсіз қызмет етуі үшін барлық жұмыс дәлдік баптау, ретке келтіру, параметрлерді өлшеу, тексеру секілді барлық технологиялық талаптарға сай атқарылғанын білдірді.

Сексеуіл станциясы мен №10 бекет аралығындағы бұрынғы жартылай автоматты блоктау (ПАБ) дәуірі тарих қойнауына кетті. Оның орнына заманауи, жоғары сенімді ЦАБ-АЛСО-QRA жүйесі енгізіліп, қозғалыс қауіпсіздігі мен өткізу қабілетінің жаңа кезеңі басталды.



Бұл – Қазалы сигнализация және байланыс дистанциясы теміржолшыларының кәсіби білімі мен табанды еңбегінің нақты жемісі.

– Микропроцессорлық орталықтандыру (МПЦ-QZ) жүйесіне цифрлық модуль-ЦМ КРЦ интраграцияланып, тоналды жиіліктегі рельс тізбектері арқылы жол учаскелерін кодтау ұйымдастырылды. АЛСН кодтық сигналдарын тарату, сала автоматикасы мен сигнализация жүйесінде рельс арқылы берілетін электрлік сигналдарды қабылдайтын құрылғылар мен генераторларды баптау, интерфейс-тік құрылғыларды микропроцессорлық орталықтандыру жүйесімен (МПЦ) дұрыс байланыстырып, олардың өзара үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету – мұның бәрі СОБ саласының жоғары дәлдікті талап ететін күрделі процестері. Бұрын ПАБ кезінде бір ғана пойызға рұқсат берілсе, енді автоблокировка бірнеше пойыздың арақашықтығын сақтай отырып қозғалуына мүмкіндік береді. Бұл – интервалдың қысқаруы, өткізгіштік қабілеттің артуы және жүк айналымының ұлғаюы деген сөз. Сонымен қатар қорғаныш блок-учаскесінің енгізілуі пойыздың соңғы вагоны толық босамайынша келесі құрамға рұқсат бермеу арқылы қауіпсіздікті еселей түседі, – деп сөзін жалғастырды дистанция бастығы Арнұр Дінахметов.

Жобаны жүзеге асыруға Қазалы дистанциясының 42 маманы жұмылдырылған. СОБ, байланыс, радиобайланыс және КТСМ бағытындағы электромеханиктер бірлесі

отырып, рельс тізбектерінің тұтастығын тексеру, кодтау параметрлерін өлшеу, АЛСН сигналдарының қателікті азайту үшін дәлдеп баптау жасау, релелік схемаларды оңтайландыру сынды жауапты жұмыстарды атқарылған. КТСМ құрылғылары арқылы пойыз құрамының техникалық жай-күйі бақылауға алынып, радиобайланыс арнасы тұрақтандырылған. Әрбір блок-учаскенің оқшаулау кедергісі, ток параметрлері мен сигнал деңгейі нормативке сәйкестендірілген. Бұл – тек монтаж емес, бұл – инженерлік ой мен тәжірибенің үйлесімі.

Жобаны үйлестіруге дистанция бастығы өзі басшылық жасады. Бас инженер Ж.Досжанов техникалық шешімдердің дәлдігін қамтамасыз етіп, МПЦ интраграциясы мен рельс тізбектерін баптау жұмыстарын жеке бақылауына алған. Ал орынбасарлар О.Пазылбеков, Ж.Қартабаев және Қ.Есқариев өндірістік процестің үздіксіздігін бақылауда ұстап, еңбек қауіпсіздігін және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүйелі ұйымдастыра білген.

СОБ электромеханиктері релелік тәуелділіктерді қысқартып, цифрлық шешімдерді енгізсе, байланыс мамандары деректерді тұрақты жеткізу арнасын қалыптастырды. Радиобайланыс қызметі диспетчерлік және локомотивтік байланыстың үздіксіздігін қамтамасыз етті. КТСМ мамандары қозғалыс қауіпсіздігін бақылауды жаңа деңгейге көтерді.

– ЦАБ-АЛСО-QRA – бұл жай ғана жаңа құрылғы емес, бұл – қозғалыс қауіпсіздігінің сапалы жаңа деңгейі. Біз перөгөндегі әрбір рельс тізбегін, әрбір кодтық сигналды жауапкершілікпен тексердік. Біздің басты мақсатымыз – пойыз қозғалысының тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету, – деп атап өтті жобаны енгізуге атсалысқан мамандар.

Сонымен бүгіннен бастап Сексеуіл – 10-бекет аралығы заманауи автоблокировкамен жабдықталған сенімді теміржол учаскесіне айналды. Ал оның артында Қазалы дистанциясының білікті де жанкешті теміржолшыларының маңдай тері мен кәсіби шеберлігі тұр.

Суретті түсірген автор

ЖІҢІШКЕНІҢ ЖҮКТЕМЕСІ ЖОҒАРЫ

Жіңішке станциясы – Ақтөбедегі жүктемесі ең жоғары станция. Еуразияның маңызды көлік дәліздері тоғысқан логистикалық нысан десек болады. Мұны станцияның ай сайын белгіленген жоспарды межеге жеткізіп не асыра орындалуынан да көреміз.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Станциядағы жүк тасымалының негізгі үлесін мұнай, қара металл, құрылыс жүктері мен контейнерлік жүктер құрайды. Биыл қаңтар айында ең жоғары көлем қара металға – 44 485 тонна, контейнерлік жүктерге 23 312 тонна тиесілі. Сонымен қатар химикаттар, құрылыс жүктері, түсті руда және жымьқ тасымалы да жүзеге асырылды. Нәтижесінде тек қаңтар айында Жіңішке станциясында 112 мың тонна жүк тиелді.

Тәуліктік орташа жүк тиеу көлемі 3642 тоннаны құрап отыр.

Жіңішке станциясының бастығы Талғат Сағыновтың айтуынша, жыл осындай жақсы көрсеткішпен басталды. Жүктелген міндеттеме де, атқарылған жұмыс та көңілден шығады. Шет елдерге жөнелтілетін жүк құрамдарымен жұмыс істейтін станцияда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізіледі. Қызметкерлерге техникалық сабақтар арнайы кестеге сай ұйымдастырылып, тұрақты өткізіледі. – Соңғы уақытта темір жолды белгіленбе-

ген жерден кесіп өту салдарынан жарақат алу мен қайғылы жағдайлар жиілеп тұр. Осыған байланысты теміржол инфрақұрылымындағы қауіпті жағдайлардың алдын алу шаралары күшейтілген. Тоқсан сайын көлік полициясы мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен қауіпсіздік кеңесі өткізіліп, проблемалық мәселелер талқыланды. Бұдан бөлек, рейдтік шаралар да күшейтіліп, теміржол бойында бірлескен тексерістер жүргізілуде. Жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жанданды. Теміржол бойындағы қауіпсіздік ережелері жайлы арнайы бейнероликтер көрсетілуде. Бұл жұмыстарға теміржол мекемелері мен диспетчерлік қызметтер жауапты, – дейді станция бастығы.

Жүктемесі ғана емес, жауапкершілік жүгі де жоғары Жіңішке станциясының Ақтөбе бөлімшесіндегі ролі ерекше, жалпы жүк тасымалына қосатын үлесі де қомақты.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕНІҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРҒАН



АЙМАҚ

Өткен ғасырда қойнауынан қара алтын атқылап, бүкіл одақтың назарын аударған Атырау өңірі үшін теміржолдың орны бөлек. Басқа бірде бір көлік мұндай маңызды болған емес. Мұнайлы өңірдің маңызын арттырған теміржол тасымалы кеше де, бүгін де, ертең де өзектілігін жоймайды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Өткен жылы өңірде жүк тасымалы көлемі біраз станцияларда айтарлықтай артқаны анық байқалады. Соның ішінде Атырау станциясының көтерген жүгі қомақты. Атырау – 1 класты телімдік станция, үш бағытта жұмыс істейді: Атырау – Тендік, Атырау – Махамбет, Атырау – Ақжайық. Станцияға жалғасқан аралықтар біржолды және автобұғаттаумен, станциядағы бағыттамалар мен сигналдар электрлік орталықтандырумен жабдықталған, 9 қабылдап-жөнелту, 6 сұрыптау жолы, аз қатты дөңес бар. Станцияда вагондардың жөнелтуі 5 бағытта жұмыс жасайды. Ақсарай түйіспесіне – үш бөліктен тұратын вагондар (жоғары Басқұншақ, Астрахань, Грузия, Әзірбайжан республикалары жолдарына), Қақат бағытында (Орта Азия, Маңғыстау, Қақтайық, Ақжайық және Тендік станцияларына республикаға маңызы бар Атырау мұнай өңдеу зауытына бос және жүк тиелген вагондар сұрыпталып жеткізіледі. Махамбет станциясына – «Ақтөбемұнайгаз», «Қазмұнайгазсауда», «Батыс Риал Сервис» компанияларының атына Оңтүстік, Батыс аймақтарынан шикі мұнай өнімдерімен келген вагондарды сұрыптап, уақытында дайындап жеткізіледі.

– 2025 жылдың қорытындысы бойынша қабылданған жүп және тақ пойыздар саны – 7024, тәулігіне 19 пойыз болды. Ал жөнелтілген пойыздар саны 7785, тәулігіне 21 пойызды құрады. Станцияда құрастырылған



пойыздар саны – 4048 пойыз, тәулігіне 11 пойыздан айналады. Қазіргі уақытта Атырау станциясы 3 маневрлік аудан мен тораптағы құрылымдық бөлімшелерді қоса есептегенде жалпы саны 20 кірме жолға қызмет етеді. Әрбір маневрлік ауданда 1 маневрлік локомотивтен жұмыс жасайды, – дейді станция бастығы Бекжан Жиенбетов.

Станцияда қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайы орын алмаған. Әйтсе де, кірме жолдарда былтыр 2 оқиға тіркелген. Өткен жылы 25 наурызда «Гурьевснаб» ЖШС кірме жолының №90 қосу жолында «Каспиан Констракшн Компани Лимитед» ЖШС кірме жолының 18/0 вагондарын беру кезінде қозғалыстағы 15-ші вагонның 1-ші арбасы 2 дөңгелек жұбымен жолдан шығып кеткен. Басты себебі: жолдың 1556 мм-ден астам жолдың кеңеюі. Екінші, «Каспиан Констракшн Компани Лимитед» ЖШС кірме жолының №2 қосу жолында 0/7 вагонды

алу кезінде қозғалыстағы 5-ші вагонның 1-ші арбасы барлық дөңгелек жұбымен жолдан шығып кеткен, мұның да себебі – жолдың кеңеюі.

Бұдан басқа станцияда пойыздар қозғалысы кезінде техникалық құралдар жұмысының бұзылу жағдайы және кіру бағдаршамда пойыздардың кешігуі жағдайлары орын алмаған. Станция бойынша жұмыс өнімділігі де артқан. Орташа тәуліктік жүк тиеу көлемі жоспарда 0,3 вагон болса, нақты 1,3 вагон тиеліп, 68,4 пайызды құрады. Тоннамен есептегенде 464,8 тонна жүк тиеліп, жоспар 67,6 пайызға орындалған. Вагон саны азайғанымен, салмақты жүктер көбейген. Статистикалық салмақ 94,3 пайызға орындалды, себебі ауыр салмақты жүктер түсірілді. Жүк түсіру жоспары 124,6 пайызға жетті.

Былыр Атырау станциясында соңғы отыз жыл бойына қолданылып келе жатқан қуат қондырғылары жаңарды. Яғни бұрынғы ПВ-1, ЭЦК, ПРББ, ПВ-220, ПВ-24 қондырғылары жаңа типтегі ПП-ЭЦ-70 түріне ауыстырылды. Станциядағы қуат көздері панельдері жаңартылып, оның жұмысы бұрынғыдан да жақсара түсті. Сонымен қатар бұрынғы функцияларымен қоса ол енді автоматты түрде қосылатын және оны бақылайтын операциялармен толықтырылған. Мәселен, бір фидер ажыратылған жағдайда екіншісі, егер ол да ажыратылса, дизельді агрегат автоматты түрде іске қосылып, станция жолдары қуат көзімен үнемі қамтамасыз етіліп отырады.

Суретті түсірген автор

ЦИФРОВИЗАЦИЯ РАСЧЕТОВ В ҚТЖ



ТЕХНОЛОГИИ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» успешно завершён важный этап масштабного проекта по цифровизации финансовых потоков. Внедрение автоматизированной системы на базе SAP позволило перевести расчеты за грузовые перевозки на новый уровень прозрачности и скорости. Главная цель масштабного обновления – создание централизованной и эффективной системы управления.

Жаныбек КЕНЕС
Астана

Благодаря интеграции SAP с ключевыми программными комплексами компании (ЕК ИОДВ, АРМ Транзит, АСУ ДКР и АРМ АГКР) удалось сформировать единое информационное пространство.

Для клиента это означает прежде всего удобство: теперь в системе ведется единый лицевой счет, который позволяет в режиме реального времени отслеживать движение средств и объем оказанных услуг. Кроме того, система учета доходов функционирует в режиме 24/7.

Основные преимущества системы: соответствие закону – отчетность формируется автоматически согласно бухгалтерскому и налоговому законодательству РК, оперативность – клиенты получают обратную связь и финансовые документы значительно быстрее, прозрачность – детальный учет по каждому плательщику исключает ошибки в расчетах, инновации в платежах – банки на связи.

